

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы жиналышының  
ХАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекенжайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналышы (бұдан әрі – «Жиналыш») 2019 жылдың 11 ақпанында Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17, мәжіліс залы, 3-қабат мекенжайы бойынша сағат 10.00 минутта өткізілді.

**Қоғамның атқарушы органдының толық атауы және орналасқан жері:**  
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамның басқармасы, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17.

Қоғамның күкіктық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Марлен Армияұлы Оразбеков Жиналыштың ашылғанын жарияладап, Қоғамның есеп комиссиясының мүшесі Елена Николаевна Гороховаға сөз берді.

Есеп комиссиясының мүшесі 2019 жылғы 11 қантардағы (00 сағат 00 минут) жағдай бойынша акция ұстаушылар тізілімдері жүйесінің деректері негізінде «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-мен жасалған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 1 361 411 673 дананы, оның ішінде артықшылықты акциялар - 4 136 107 дананы, жай акциялар – 1 357 275 566 дананы құрайтынын хабарлады.

Қоғамның Жиналышына мыналар қатысты:

1. 1 034 088 144 жай акциялардың иесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-нан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өндіруші активтерді басқару департаменті директорының орынбасары Дамир Даңилбекұлы Теберіков қатысты (2019 жылғы 8 ақпандагы №123-53 сенімхат бойынша);

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Занының 13-бабы 3-тармағына сәйкес, аталған балтың 4-тармағында белгіленген жағдайларды есептемегенде, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Занының 1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, дауыс беретін акциялар санына қоғам сатып алған акциялар, сондай-ақ номиналды ұстаудағы және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ менишік иесіне тиесілі акциялар кірмейді.

Жиыны: 2019 жылғы 11 қантардағы жағдай бойынша акция ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі деректерінің негізінде Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 99,97% құрайтын Қоғамның жиынтықтағы 1 034 088 144 жай акциясына ие, Жиналышқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционердің 1 өкілі тіркелді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Занының 45-бабы 1-тармағының негізінде, егер акционерлердің жалпы жиналышына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналышы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде Жиналышты өткізу және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Қоғамның күкіктық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры М.А.Оразбеков Қоғам Жиналышының тәрағасы етіп Басқарма тәрағасының орынбасары - «ҚазМұнайГаз» үлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы директоры Даурен Сапарәліұлы Карабаевты сайлауды ұсынды.

Аталған мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 034 088 144 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- |               |                        |
|---------------|------------------------|
| «Қолдады»     | - 1 034 088 144 дауыс; |
| «Қарсы»       | - дауыс жок;           |
| «Қалыс қалды» | - дауыс жок.           |

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Басқарма төрағасының орынбасары «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының каржы директоры Дәурен Сапарәліұлы Карабаев Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.

М.А.Оразбеков Қоғам Жарғысының 85-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы Жиналыс хатшысы болып табылатындығын хабарлады. Осылан байланысты, Қоғамның корпоративтік хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменована Жиналыстың хатшысы етіп сайлау ұсынылды.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- |               |              |
|---------------|--------------|
| «Қолдады»     | - 1 дауыс;   |
| «Қарсы»       | - дауыс жок; |
| «Қалыс қалды» | - дауыс жок. |

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Қоғамның корпоративтік хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменова Жиналыстың хатшысы болып сайлансын.

М.А.Оразбеков Жиналыстың төрағасы Д.С.Қарабаевқа сез берді. Одан кейін, Жиналыс төрағасы Д.С.Қарабаев Жиналыста дауыс беру тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Занының 50-бабы 1-тармағына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру: 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді; 2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді; 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізуден рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады. Құн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсіл етіп белгілеу ұсынылды.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс

**Дауыс бергендер:**

- |               |              |
|---------------|--------------|
| «Қолдады»     | - 1 дауыс;   |
| «Қарсы»       | - дауыс жок; |
| «Қалыс қалды» | - дауыс жок. |

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** дауыс беру тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Занының 50-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленсін; Жиналыста күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру нысаны – ашық тәсіл болып белгіленсін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Жиналыс жұмысының регламенті бойынша Жиналыс хатшысы А.Б.Сүлейменовага сез берді, ол күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға он минут, жарыссөздерге қатысуышыларға – бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге жеті минут беруді ұсынды.

Осы мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынаған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- |               |              |
|---------------|--------------|
| «Қолдады»     | - 1 дауыс;   |
| «Қарсы»       | - дауыс жок; |
| «Қалыс қалды» | - дауыс жок. |

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Жиналыс жұмысының төмендегі регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға он минут, жарыссөздерге қатысушыларға – бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге жеті минут берілсін.

Жиналыс төрағасы Д.С.Қарабаев 2018 жылғы 20 желтоқсанда Қоғамның директорлар кеңесімен мынадай күн тәртібімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдағандығы жөнінде хабарлады: «Қоғамның, қоса берілген қосымша келісім жобасының шарттарында, нәтижесінде қуны Қоғам активтерінің баланстық қунының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп процентті қурайтын мүлік иелік шығаралатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәміле «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ мен Қоғам арасындағы 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №183-79//337-71 қаржылай көмек көрсету туралы шартқа қосымша келісім жасасуы туралы». Жиналысты шақыру туралы ақпараттық хабарландыру 2019 жылғы 4 қантардағы «Егемен Қазакстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды. Сонымен катар, бұрын сайланған есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі өтіп кеткендігін назарға ала отырып, Д.С.Қарабаев күн тәртібін келесі мәселемен толықтыруды ұсынды: «ҚазМұнайГаз»БӘ» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысы есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін белгілеу және мүшелерін сайлау туралы». Ол, сондай-ақ, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес егер жалпы жиналысқа қатысатын және қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуі жақтап дауыс берсе, олар күн тәртібіне енгізілуі мүмкін.

Осылайша, күн тәртібін келесі мәселемен толықтыру ұсынылды:

«ҚазМұнайГаз»БӘ» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысы есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін белгілеу және мүшелерін сайлау туралы».

Осы мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 034 088 144 дауыс.

**Дауыс бергендер:**

- |               |                        |
|---------------|------------------------|
| «Қолдады»     | - 1 034 088 144 дауыс; |
| «Қарсы»       | - дауыс жок;           |
| «Қалыс қалды» | - дауыс жок.           |

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** күн тәртібі келесі мәселемен толықтырылсын: «ҚазМұнайГаз»БӘ» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысы есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін белгілеу және мүшелерін сайлау туралы».

Жиналыстың төрағасы Д.С. Қарабаев корпоративтік хатшы Сүлейменова Эйгерім Болатқызына сез берді.

А.Б. Сүлейменова келесі күн тәртібін бекітуді ұсынды:

1) «ҚазМұнайГаз» БӘ» АҚ акционерлері Жалпы жиналысының есеп комиссиясы өкілеттік мерзімін белгілеу және оның мүшелерін сайлау туралы;

2) Құны Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін), ірі мәмілені – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Қоғам арасындағы 2018 жылғы 19 қыркуйектегі Қаржылай көмек көрсету туралы №183-79//337-71 шартқа қосымша келісім Қоғамның жасауы туралы.

Осы мәселе бойынша басқа ұсыныстар болмағандықтан, мәселе дауыс беруге шығарылды. Қойылған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 034 088 144 дауыс.

**Дауыс берді:**

- |               |                        |
|---------------|------------------------|
| «Қолдады»     | - 1 034 088 144 дауыс; |
| «Қарсы»       | - дауыс жоқ;           |
| «Қалыс қалды» | - дауыс жоқ.           |

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

Келесі күн тәртібі бекітілсін:

1) «ҚазМұнайГаз» БӘ АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысы есеп комиссиясы өкілеттік мерзімін белгілеу және оның мүшелерін сайлау туралы;

2) Құны Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін), ірі мәмілені – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Қоғам арасындағы 2018 жылғы 19 қыркуйектегі Қаржылай көмек көрсету туралы №183-79//337-71 шартқа қосымша келісім Қоғамның жасауы туралы.

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойыниша** А.Б. Сүлейменова Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 103-тармағы 9) тармақшасына сәйкес акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне «ҚазМұнайГаз» БӘ АҚ акционерлері Жалпы жиналысының есеп комиссиясы өкілеттік мерзімін белгілеу және оның мүшелерін сайлау туралы» мәселе жататынын хабарлады.

Бұрын сайланған есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі аяқталғанын назарға ала отырып, Қоғамның жаңадан сайланатын есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін алдыңғы есеп комиссиясының өкілеттіктері тоқтатылған сәттен бастап екі жыл – 2018 жылғы 27 қарашадан бастап 2020 жылғы 27 қарашаны қоса алғанда белгілеу ұсынылады.

Акционерлердің қарауына шығарылған шешім:

1. Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін 2018 жылғы 27 қарашадан бастап 2020 жылғы 27 қарашаны қоса алғанда белгілеу.

2. Келесі тұлғаларды есеп комиссиясының мүшелері ретінде сайлау:

- 1) Залевская Виктория Владимировна;
- 2) Горохова Елена Николаевна;
- 3) Шалабаева Аниса Болатбекқызы.

Мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 034 088 144 дауыс.

**Дауыс берді:**

- |               |                        |
|---------------|------------------------|
| «Қолдады»     | - 1 034 088 144 дауыс; |
| «Қарсы»       | - дауыс жоқ;           |
| «Қалыс қалды» | - дауыс жоқ.           |

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

- Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін 2018 жылғы 27 қарашадан бастап 2020 жылғы 27 қарашаны қоса алғанда белгілеу.
- Келесі тұлғаларды есеп комиссиясының мүшелері ретінде сайлау:
  - Залевская Виктория Владимировна;
  - Горохова Елена Николаевна;
  - Шалабаева Аниса Болатбекқызы.

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Жиналыстың төрағасы Д.С. Қарабаев Қонысбаева Алтынай Айтбайқызына сөз берді.**

А.А. Қонысбаева «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) және Қоғам арасындағы 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Қаржылай көмек көрсету туралы №183-79//337-71 шарт келесі негізгі шарттарда жасалғанын хабарлады: қаржылай көмек сомасы - 680 000 000 000 (алты жүз сексен миллиард) теңгеден артық емес, нысаналы мақсаты – жалпы корпоративтік мақсаттар (елдің экономикасын тұрақтандыруды жәрдемдесу), кайтару мерзімі – шарт бойынша бірінші траншты ұсынған сәттен бастап 12 ай, қамтамасыз ету – қамтамасыз етусіз. Барлығы Шарттың шеңберінде Қоғам жалпы сомасы 648,3 млрд. теңге мөлшерінде қаржылай көмек көрсетті. Шарт талаптарына сәйкес Қаржылай көмекті қайтару мерзімі 2019 жылғы 19 қыркүйекте басталады. Сонымен қоса, ҚМГ ҰК 2018 жылғы 25 қазандағы № 101-71/5750 хатымен, Шартқа қосымша келісім жасау жолымен Шарттың негізгі талаптарына қаржылай көмектің мөлшерін, ұсыну мерзімін ұлғайту және қайтару механизімі бөлігінде өзгерістен енгізу ниеті туралы хабарлады.

Сонымен бірге, қаржылай көмек сомасының ұлғаюын, сондай-ақ ҚМГ ҰК-ның 1,3 млрд. АҚШ доллары жалпы сомасындағы сыртқы міндеттемелерін (ҚДБ облигацияларын сатып алу, мұнайдың алғытөлемін төлеу бойынша мәміле шеңберінде негізгі қарызыда ішінара қайтару) 2019 жылды өтеу қажеттілігін назарга ала отырып, А.А. Қонысбаева қаржылай көмекті қайтару мерзімдерін ұзартуды ұсынды.

Сондай-ақ, икемділікті қамтамасыз ету мақсатында Шартқа өзгерістер енгізу ұсынылды, олар қаржылай көмекті қайтаруды, соның ішінде ҚМГ ҰК және Қоғам арасындағы қарсы талапты өзара есепке алу жолымен жүзеге асыруға мүмкіндік береді,

2018 жылғы 9 айда Қоғамның жеке қаржы есептілігі бойынша оның активтерінің баланстық құны 1 494 677 439 мың теңгеге тең. Шартқа қосымша келісім жасау нәтижесінде қаржы көмегінің жалпы сомасы 950 миллиард теңгеге дейін (активтердің ~63,6%-ы) күрайды, бұл мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам иелікten шығаратын ірі мәміле болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 36-бабы 1-тармағы 17-1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 108-тармағы 21) тармақшасына сәйкес осындай ірі мәмілені жасау туралы шешімді қабылдау акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Акционерлердің қарауына келесі шешім енгізілді:

1. Қоғам, құны Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам иелікten шығаратын (иелікten шығаруы мүмкін) ірі мәмілені – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Қоғам арасындағы 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Қаржылай көмек көрсету туралы №183-79//337-71 шартқа қосымша келісім жасасын.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) К.О.Исказиев осы шешімнен туындастын қажетті шаралардың бәрін белгіленген тәртілте қабылдасын.

Мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 034 088 144 дауыс.

**Дауыс берді:**

- |               |                        |
|---------------|------------------------|
| «Қолдады»     | - 1 034 088 144 дауыс; |
| «Қарсы»       | - дауыс жоқ;           |
| «Қалыс қалды» | - дауыс жоқ.           |

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

1. Қоғам, құны Қоғам активтері баланстық құнынын жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Қоғам арасындағы 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Қаржылай көмек көрсету туралы №183-79//337-71 шартқа қосымша келісім жасасын.

2. Қоғамның бас директоры (баскарма тәрағасы) К.О.Исказиев осы шешімнен туындастын қажетті шаралардың бәрін белгіленген тәртіпте қабылдасын.

Күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан кейін, Қоғам Жиналысының Тәрағасы Д.С. Карабаев акционерлерге жиналысқа қатысқандары үшін алғыс айтты және жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғамның Жиналысы 10 сағат 40 минутта жабылды.

**Акционерлер жалпы  
жиналысының тәрағасы**

---

Д. Карабаев

**Акционерлер жалпы  
жиналысының хатшысы**

---

А. Сүлейменова

**Есеп комиссиясының  
мүшелері:**

---

В. Залевская

---

Е. Горохова

---

А. Шалабаева

**10%-дан артық жай  
акцияларды иеленетін  
акционерден**

---

Д. Тебериков